Антикоррупциялық тақырыптағы кітап көрмесі өтті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу мақсатында кітапханада «Адалдық – адамдықтың белгісі» атты антикоррупциялық тақырыптағы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – оқырмандарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және парасаттылық қағидаттарын насихаттау бағытындағы әдебиеттерді кеңінен таныстыру.

Көрме аясында кітапхана мамандары келушілерге тақырыптық шолу жасап, құқықтық мәдениетті нығайту, мемлекеттік қызметтегі ашықтық пен жауапкершіліктің маңыздылығы жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараға қатысушылар ұсынылған әдебиеттермен танысып, қоғамдағы әділдік қағидаттарын орнықтырудың өзекті мәселелері төңірегінде пікір алмасты.

Аталған көрме – кітапхананың құқықтық ағарту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмысының бір бөлігі болып табылады.











